7.4.3. Бір рейтингтен артық болған жағдайда, олардың ең жаманы есепке алынады. Бұл ретте, банк сатып алу туралы шартты орындаудың барлық мерзімі ішінде осындай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс, әйтпесе - өнім беруші осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен кепілдік береді.

7.5. Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.6. Тапсырыс берушінің Мердігер енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны өзінде Шарттың 7.9-тармағында көзделген құқық туындағанға дейін пайдалануына жол берілмейді.

7.7. Мердігер осы Шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, онда Тапсырыс беруші:

7.7.1. біржақты тәртіпте Шарт орындалудан бас тартады;

7.7.2. енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

7.7.3. Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған және Мердігердің осы қамтамасыз етуді қайтару туралы жазбаша өтініш жасаған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге қайтарады.

7.9. Мердігердің кінәсінен Шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.10. Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалуы Тапсырыс берушінің Мердігерден шарт бойынша өзге де айыппұл санкцияларын өндіріп алуды талап ету құқығына әсер етпейді.





8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеді белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

8.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

8.2.3. Мердігер Шартта айтылған жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Уақтылы орындалмаған жұмыстардың жалпы сомасының 10% - ынан аспайды;

8.2.4. Мердігер анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін шарт талаптарына сәйкес бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге өсімпұл ретінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 0,1% - ына барабар, бірақ анықталған кемшіліктердің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді;

8.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге еңбек жалақысын белгілеу бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен төленуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

8.2.6. Шартты орындау үшін тартылған Мердігердің жұмыскерлерінің еңбек жалақысын және әлеуметтік қолдау көрсету шығындарын ұлғайту бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен төленуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

8.2.7. Мердігер тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, жұмыстарды мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

8.2.8. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарының, жабдықтардың, бұйымдар мен конструкциялардың жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-металық) құжаттамасында (бар болса) көрсетілуі болмаған жағдайда мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 20% мөлшерінде айыппұл түрінде, оны жұмыс мердігері төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

8.2.9. Шарт Шарттың 9.7-тармағында көзделген тәртіппен бұзылған кезде Тапсырыс беруші Мердігерден Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы, ал Мердігер Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

8.2.10. Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда немесе орындау мүмкін болмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.11. 5.1-тармақтың 5.1.42, 5.1.43, 5.1.45-тармақшаларында көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін Мердігер Шарт сомасының 1% мөлшеріндегі айыппұл түрінде жауапты болады.

8.2.12. Мердігер өз есебінен бақылаушы органдар ұсынған Жер, табиғат қорғау, сәулет-құрылыс және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды, егер бұл бұзушылықтар оның кінәсінен жүргізілген жағдайда, толық көлемде дербес төлейді, сондай-ақ осы бұзушылықтарды жою бойынша барлық қажетті жұмыстарды жүргізеді.

8.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.





8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстарға төленбеген соманың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ төленуге тиіс жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

8.4.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.4.3. Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдауды кешіктірген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.4.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін Орындалған жұмыстар актісі сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Орындалған жұмыстар актісінің жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

8.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды беруді кешіктірген жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің Мердігерге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

8.4.6. Шарттың 8.4-тармағы 8.4.3-тармақшасы жарамсыз деп таңылсын.

8.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

8.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.8. Егер өсімпұл (айыппұл) сомасы 5000 (бес мың) теңгеден аз болса, онда өсімпұлды (айыппұлды) ұстап қалу туралы хабарлама Мердігерге электрондық почта немесе факсимильдік байланыс арқылы ғана жіберіледі.

8.9. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды, Шарттың 8.10-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген шарттарды ұжымдық түрде қанағаттандыратын жағдайларды қоспағанда.

8.10. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін осыған байланысты туындаған зақымдар үшін есептелген өсімпұлды (айыппұлды, өсімпұлды) сомасын ұстап қалуға құқылы. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы Мердігерге 10 (он) жұмыс күні ішінде ол шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанда қайтарылады. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету ұстап қалмайды және Мердігер Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді, егер олар келесі жағдайларға қанағаттандырылады: 1) өсімпұлды (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу (өндіріп алу/ұстап қалу); 2) Мердігер шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) ешқандай зиян немесе толық өтемақы (өндіріп алу/ұстап қалу). (Шарттың осы тармағы Мердігердің кінәсінен шарт бұзылған жағдайда қолданылмайды)

8.11. Шарттың 8.5-тармағы жарамсыз деп есептелсін.


8.12. Шарттың 8.6-тармағы жарамсыз деп есептелсін.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:





9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

9.3.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

9.3.4. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген жағдайда;

9.3.5. Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Тәртіп тармақтары талаптарына сәйкес алмастырмаса;

9.3.6. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт талаптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнгізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Тапсырыс беруші Шарт бұзылған кезде, Тапсырыс берушінің Мердігерден Шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқығы бар. Шарттың 9.3-тармағының 9.3.1, 9.3.3-тармақшаларында көзделген тәртіппен Шартты бұзу кезінде Мердігер Шартты бұзу күніне орындаумен байланысты нақты шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

9.7. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.7.1. егер Мердігер жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

9.7.2. егер Мердігер жұмыстарды орындау барысында анықталған және Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді Тапсырыс беруші белгілеген уақыт кезеңі ішінде жоймаса;

9.7.3. егер Мердігер Шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемелерін орындай алмаса;

9.7.4. егер Мердігер Шарт бойынша жұмыстардың бір бөлігін немесе бүкіл көлемін орындамаса.

9.7.5. Бұл ретте Тапсырыс беруші Мердігерден Шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

9.8. Тапсырыс беруші тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 13) тармақшасында көзделген жағдайларда Мердігер негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға Шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.9. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда не алқалық атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалық атқарушы орган/басқару органының Байқау кеңесі/Тапсырыс берушінің жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органы / басқару органының Байқау кеңесі болмаған жағдайда) жол беріледі. өндірістік қажеттіліктің болмауы. Бұл ретте осы жұмыстарды ағымдағы жылы сатып алуға жол берілмейді. Жұмыстарды сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Мердігерге ол іс жүзінде шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.10. Шарт Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Шартты бұзуға бастамашылық жасаған Тарап өзінің ниеті туралы екінші Тарапты 20 (жиырма) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда Шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және Тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюмен ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Мердігердің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.





9.11. Егер Мердігер банкрот немесе төлеуге қабілетсіз деп танылса, Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер шартты бұзу зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Мердігерге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және толық орындалғанға дейін Шарт бойынша өз міндеттемелерінің тараптары дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құзыретті орган берген құжаттарды ұсынуы тиіс.

13. Дауларды шешу

13.1. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шартты орындау кезінде немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды.

13.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады, бұл ретте соттарда қаралуы тиіс барлық даулар Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды,





сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісінмін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

16. Жұмыстардың сапасы және кепілдігі


16.1. Мердігер Шарт бойынша орындаған жұмыстар Тапсырыс берушінің талаптарын толық қанағаттандыратын сапаға сәйкес келуі тиіс.

16.2. Мердігер объектінің құрылысы кезінде анықталған жұмыс жобасындағы ақаулар мен кемшіліктерді жоюға кепілдік береді.

16.3. Мердігер жұмыстың тиісті сапасы үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес жауапты болады.

17. Санкциялар жөнінде

17.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші: (а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions





Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (с) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

17.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Өнім берушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

17.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (с) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/жұмысты тоқтатуға әкелуі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

17.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

17.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

17.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

17.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не [указать валюту] жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 17.8-тармақтың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 17.5 және 17.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

17.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не [валютаны көрсету] жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізлетін баламалы валютаны [Тараптар келісетін валютаны көрсету] («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

17.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар





көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде шарттың 17.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша [басқа елдің баламалы Ұлттық Банкі көрсетілсін] жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

18. Ақаулар және оларды жою

18.1. Тапсырыс беруші ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, кез келген анықталған ақаулар туралы Мердігерді жазбаша хабардар етеді.

18.2. Ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде ақауды жоюға міндетті.

19. Тәуекелді бөлу

19.1. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне және өз қызметкерлерінің денсаулығына залал немесе шығын келтірумен, сонымен қатар өз қызметкерлерінің қаза табуымен байланысты және шарттың орындалуы барысында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

19.2. Жұмыстардың кездейсоқ орындалмауы тәуекелін Мердігер көтереді.

19.3. Жұмыстардың кездейсоқ қымбаттауы тәуекелін Мердігер көтереді.

19.4. егер жұмыс нәтижелері оларды тапсырғанға дейін кездейсоқ іске асырылмаса немесе Тараптардың кінәсінен тыс жағдайда жұмысты аяқтау мүмкін болмаса, Мердігердің жұмыс үшін ақы талап етуге құқығы жоқ.

19.5. Осы Шарттың қолдану мерзімінде Жұмыстарды аяқтамаудың барлық тәуекелін Мердігер көтереді.

20. Қосымша шарттар

20.1. Шарт орыс және мемлекеттік тілдерде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды. Әрбір дана мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Шартты қамтиды. Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда Шарттың орысша мәтіні басымдыққа ие болады. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат жазысу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

20.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

20.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

20.4. Тараптар шартты орындау ішінде және Тараптар өз міндеттемелерін орындаған соң міндетті түрде тоқсан сайын салыстырып тексеру актісіне екі жақты қол қоя отырып, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүзеге асыруы тиіс. Бұл ретте салыстыру актілеріне Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояуға және ұйымның мөрімен (бар болса) бекітілуі тиіс.

20.5. Шартта айтылмаған барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

21. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамы

Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, ғимарат, 59

БСН 970740000838

БСК HSBKZKX

ЖСК KZ736010111000023853

АО "Народный Банк Казахстана"



Тел.: +7 (717) 269-3824

БСН _____

БСК _____

ЖСК _____

Тел.: _____









Шарттың №1
қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі


жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
189-1 Р	Жобалық-металық құжаттаманы әзірлеу/есептеу/құрастыру бойынша жұмыстар, Жергілікті металарды әзірлеуден басқа, жобалық-металық құжаттаманы әзірлеу/есептеу/құрастыру бойынша жұмыстар	220 кВ «220 кВ «Алтай» ТП – 220 кВ «ТМК» ҚС екі тізбекті ӘЖ салу» ЖСҚ әзірлеу	1.000	1.000	-		200 000 000	ҚАЗАҚСТАН, Шығыс Қазақстан облысы, г.Усть- Каменогорск, ул.Бажова, 67	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 350 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%





Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ p/c	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , теңгемен	Шартта елішілік құндылықты , %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

- Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алатын тауардың Жеткізушісін көрсету қажет.
- Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skz.kz/>
- СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
- СТ-KZ сертификатының сериясы.
- СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
- СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
- СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
- СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең
- Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.






Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 ($=\sum 15(\text{кесте } 1)+\sum 8(\text{кесте } 2)/6*100\%$)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





Договор о закупке работ № _____

г. _____

«__» _____ 2025 г.

Акционерное общество "Казakhstanская компания по управлению электрическими сетями" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Толкование Терминов

1.1. В Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

1.1.1. «Филиал» - обособленное подразделение Заказчика, в лице филиала АО «KEGOC» «Восточные МЭС», наделенное Заказчиком правами и обязанностями, реализуемыми им в процессе выполнения работ и приема-сдачи выполненных работ; (в случае необходимости);

1.1.2. «Субподрядчик» - физическое или юридическое лицо, имеющее договор (соглашение) с Подрядчиком на выполнение части работ по Договору на объекте;

1.1.3. «Фонд» – АО «Самрук-Қазына»;

1.1.4. «Сумма договора» - сумма, указанная Подрядчиком в его тендерной заявке и принятая Заказчиком к оплате при соблюдении определенных условий, оговоренных Договором;

1.1.5. «Договор» - гражданско-правовой договор, заключенный между Заказчиком и Подрядчиком в соответствии с Законом и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан;

1.1.6. «Работа» - деятельность Подрядчика по разработке проектно-сметной документации по объекту «Строительство двухцепной ВЛ 220 кВ «РП 220 кВ «Алтай» – ПС 220 кВ «ТМК»;

1.1.7. «Рабочий проект» - проектно-сметная документация на строительство объекта, право собственности на которую после утверждения переходит к Заказчику;


